



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мезгіл мәселесі

СУДАҒЫ ҚАҰІПСІЗДІК — ӘР АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Ауданда су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауда. Осы ретте аудан әкімі Ардақ Ибраимов белгіленбеген орындарда суға түсудің алдын алу және қайғылы жағдайларға жол бермеу мақсатында ұйымдастырылып жатқан рейдтік шаралар барысымен танысты. Рейд барысында ол жауапты сала мамандарына судағы қауіпсіздік шараларын күшейтуді тапсырды.

— Адамның өмірі бәрінен қымбат. Сондықтан су айдындарында қайғылы жағдайлардың алдын алып, суға түсу маусымы аяқталғанша мамандар күшейтілген режимде жұмыс істеуі қажет. Азаматтардың белгіленбеген орындарда суға түсуіне жол бермеу керек. «Су — тілсіз жау» деп бекер айтпаған. Осыған байланысты қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуі тиіс, — деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

Айта кетейік, суға түсу маусымы басталғалы ауданда судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында рейдтік шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Сала мамандары тұрғындарға қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, белгіленбеген орындарда шомылуға жол бермеу бағытында кезекшілік ұйымдастырған. Сонымен қатар суға түсуге тыйым салынған аумақтарға ескерту тақтайшалары орнатылып, онда қажетті қауіпсіздік талаптары көрсетілген.

Рейдтік шаралар барысында балық аулап жүрген және басқа да шаруаларымен су айдындарына келген 438 тұрғынға қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, арнайы жадынамалар таратылған. Ал Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес, суға түсуге рұқсат етілмеген орында шомылған бір азаматқа әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

Қазіргі таңда аудан аумағында суға шомылуға тыйым салынған 6 қауіпті орын бар. Аталған учаскелерге 28 ескерту тақтайшасы мен 11 ақпараттық билборд орнатылған. Алайда ауданда арнайы жабдықталған, суға шомылуға рұқсат етілген орын жоқ. Соған қарамастан кей тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын елемей, рұқсат етілмеген жерлерде суға түсуі алаңдатады.

Аудан аумағындағы судағы қауіпсіздік мәселесі тұрақты бақылауда болғанымен, қайғылы жағдайлар мүлде кездеспеді дей алмаймыз. Мәселен, 2023 жылы суға кетудің екі дерегі тіркелген. Оның бірі



— ересек адамның, екіншісі мектеп жасындағы баланың қаза болуымен аяқталған. Ал 2025 және 2026 жылдары ауданда балалардың суға кету фактісінің тіркелмегені көңіл қуантады. Дегенмен екі жылда да бір ересек адамның суға кетіп, қаза табуы орын алған.

Бұл қауіпсіздік талаптарын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Бір сәттік салғырттықтың соңы орны толмас қайғыға ұласуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана баласының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, оларды су айдындарының маңында қараусыз қалдырмауы қажет. Судағы қауіпсіздік — тек мамандардың емес, әр азаматтың ортақ жауапкершілігі. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы ғана қайғылы жағдайлардың алдын алуға болатынын естен шығармаған жөн.

Өздеріңізге белгілі, биыл шомылу маусымы басталғалы елімізде 69 бала суға кетіп, көз жұмды. Қайғылы оқиғалардың басым бөлігі арнайы жабдықталмаған, шомылуға рұқсат етілмеген су айдындарында тіркелген. Көп жағдайда балалар су түбі зерттелмеген, ағысы қатты, иірімі көп немесе тереңдігі белгісіз жерлерге түсіп, ажал құшқан.

Мамандардың айтуынша, мәселе тек қауіпті жағажайларда емес. Балалардың ересектердің қарауынсыз қалуы, ал кей жағдайда ата-аналардың немесе демалушылардың алкогольдік ішімдік

тұтынуы да қайғылы жағдайлардың басты себептерінің біріне айналған. Өкінішке орай суға кеткен балалардың басым бөлігін құтқаруға дәл сол сәтте жанында жауапты ересек адамның болмауы мүмкіндік бермеген. Бір сәттік салғырттық салдарынан бүтін бір отбасы орны толмас өкінішке ұрынууда. Осыған байланысты мамандар ата-аналарды балаларды су жағасында бір сәтке де қараусыз қалдырмауға, тек арнайы жабдықталған әрі құтқарушылар кезекшілік ететін жағажайларда демалуға, белгісіз және рұқсат етілмеген су айдындарына түспеуге шақырады. Балаларға судағы қауіпсіздік ережелерін алдын ала түсіндіріп, оларды өз бетінше суға жібермеу де аса маңызды. Жыл сайын қайталанатын мұндай қайғылы жағдайлар қауіптің тек суда емес, қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қараудан да туындайтынын көрсетеді.

Ауданда да судағы қауіпсіздік мәселесі жіті назарда. Осыған байланысты аудан әкімі жауапты сала мамандарына су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстап, рейдтік және түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Аталған шаралардың басты мақсаты — тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әсіресе балалар арасындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу.

Сезім НҰР

Білім жаңалықтары



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН

БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

1 қыркүйектен бастап Қазақстан мектептерінде 2-4 сынып оқушыларын бағалауға қатысты жаңа тәсіл енгізіледі. Енді бастауыш сыныптарда БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді. Оның орнына әр бөлім аяқталғаннан кейін аралық бағалау жүргізіледі.

Бұл өзгеріс оқушылар мен мұғалімдерге түсетін бағалау жүктемесін азайтып, баланың тек білімін ғана емес, алған дағдыларын да ескеруге бағытталған. Педагог-шебер Жанар Жақсылықова жаңа жүйенің ерекшеліктерін түсіндірді.

Бұған дейін бөлім бойынша жиынтық бағалауға 15-20 минут бөлінсе, жаңа форматта аралық бағалау жұмысына толық сабақ уақыты беріледі. Осылайша оқушы тапсырманы асықпай орындап қана қоймай, өз білімін және дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Ал 2-4 сыныптардағы қалыптастырушы бағалау жүйесі өзгермейді. Оқушылар бұрынғыдай 1-ден 10 балға дейінгі шкала бойынша бағаланады.

Мұғалімнің бағасы бір ғана тапсырманың нәтижесіне емес, оқушының сабақ бойындағы жұмысына қарай қойылады. Атап айтқанда, сабақтағы жауаптары, өзіндік жұмысы, жұптық және топтық тапсырмалары, үй жұмысы және басқа да белсенділігі ескеріледі.

Айта кетейік, жаңа оқу жылынан бастап мектеп бағдарламасына басқа да өзгерістер енгізіледі. 5-7 сынып оқушыларына «Конституция негіздері», 8-11 сыныптарға «Заң және тәртіп» міндетті курсы енгізіледі. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушылары «Жеке қауіпсіздік» міндетті курсы оқиды.

«ЖОЖ» ақпарат

Маман мерейі

Спорт — адамды жеңіске ғана емес, өмірдің талай белесін сабырмен өткеруге тәрбиелейтін үлкен мектеп. Оның әрбір жаттығуы — төзімнің, әрбір белдесуі — жігердің, әрбір жеңісі — маңдай тердің жемісі. Татамиге шыққан спортшы қарсыласымен өз бойындағы әлсіздікпен күреседі. Ал сол күресте жеңе білген жанның өмірлік ұстанымы да берік қалыптасады.

Жалағаш ауданынан түлеп шыққан жас спортшы, дзюдо және самбо күресінен Азия чемпионы, дзюдо, самбо және қазақ күресінен спорт шебері Әсел Бисембайдың өмір жолы — спортқа деген сүйіспеншілік пен тынымсыз еңбектің жарқын көрінісі. Балалық шағынан спортқа жақын болып өскен оның татамидегі алғашқы қадамы алты жасында басталды. Әкесі Нұрсұлтан Қанатбаев қызын алғаш рет дзюдо залына алып келгенде бұл сапардың болашақта оның өмір жолын айқындайтынын ешкім білген жоқ. Алайда спорт залына барған кішкентай қыз уақыт өте келе татамиге бауыр басып, дзюдоға шын ықыласымен ден қоя бастады. Алғашқы қызығушылық бірте-бірте үлкен мақсатқа ұласты. Жаттығу сайын шыңдалып, жарыс сайын тәжірибе жинаған Әсел спорттың талапшыл мектебінен өтті.

— Әкем мені алты жасымда алғаш рет дзюдо залына алып барды. Содан кейін осы спортқа өзім қызығып, сол залда қалдым. Өсе келе дзюдоны таңдап, осы бағытта жетістікке жетуді мақсат еттім, — дейді Әсел.

Бала күнгі қызығушылықтың үлкен арманға айналуы да осындай болады. Бір кездері жаттығуға әкесінің жетелеуімен барған қыз кейін өзі татамиге асығатын болды. Өйткені спорт оның бойына тәртіп пен табандылықты ғана емес, өз мақсатына сенуді де үйретті. Әсел Қызылорда облысындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт интернаттын тәмамдап, спорттық білімін жетілдіре түсті. Кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алды. Осылайша ол спорттағы шеберлігін біліммен ұштастырып, өмірлік жолын айқындай түсті.

Спортта жеңіс өздігінен келмейді. Оның ар жағында күн сайынғы жаттығу, шаршауды жеңу, өзінді қайта-қайта қамшылау, жеңілістен кейін жігерді жоғалтпау секілді саналуан сынақ бар. Әсел де осы жолдан өтті. Талай белдесуде тәжірибе жинап, талай жарыста өз мүмкіндігін саралады. Нәтижесінде еңбегі еленіп, биік белестерді бағындырды. Бүгінде Әсел — дзюдо және самбо күресінен Азия чемпионы.

Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін жеңімпазы атанып, дзюдо, самбо және қазақ күресінен спорт шебері дәрежесіне жетті.

Бұл жетістік — біркүндік дайындықтың емес, жылдар бойы қалыптасқан еңбекқорлықтың нәтижесі. Медальдың жылтыраған жүзіне қарап, оның ар жағындағы төгілген тер мен талай таңғы жаттығуды көру мүмкін емес. Ал чемпионның өзі сол жолдың әр сәтін жақсы біледі. Әсел үшін спорттағы жеңістің мәні медаль санымен ғана өлшенбейді. Оның жүрегінде одан да үлкен арман бар. Ол — өзі жетпеген биікке шәкірттерін жеткізу.

Кезінде өзі жаттығу залында шәкірт болып, бапкерінің әр сөзін тыңдап, әр қимылын қайталап өскен Әсел бүгінде сол жолды жалғастырып келеді. Қазіргі таңда Жалағаш ауданының Балалар-жасөспірімдер даярлық клубында дзюдо жаттықтырушысы болып еңбек етеді. Бұл — спорттағы сабақтастықтың айқын көрінісі. Кеше ғана татамиде өз жеңісі үшін күрескен спортшы бүгін шәкіртінің жеңісі үшін тер төгуде. Оның әрбір шәкірті — болашақ чемпион. Ал сол чемпиондардың алғашқы жеңісі жаттықтырушының жүрегінде әлдеқашан басталып қояды.

Жалағасы

2

бетте

ТАТАМИДЕН БАСТАЛҒАН ТАҒДЫР,
ЧЕМПИОНДЫҚҚА ЖАЛҒАСҚАН ЖОЛ



2 ҚОҒАМ

Мәжіліс

Ауданда ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын арттыру және мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асырылуына бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Осыған байланысты аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте бірқатар ауылдық округте атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер талқыланды.

Мәжілісте Жаңадария, Аламесек, Еңбек, Қаракеткен және М.Шәменов, ауылдық округтері әкімдерінің жыл басынан бері атқарған жұмыстары тыңдалды. Ауыл әкімдері әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, халықты жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция тарту және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бағыттарында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндады. Аудан әкімі ауылдық округтердегі негізгі көрсеткіштерге тоқталып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Әсіресе тұрақты жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялық жо-баларды жүзеге асыру, «Ауыл аманаты» жобасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және мемлекеттік бағдарламалардың сапалы орындалуына басымдық беру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар бюджет қаражатын тиімді игеру мен жоспарланған көрсеткіштердің толық орындалуы да назардан тыс қалмады. Көрсеткіштері төмен ауылдық округ әкімдеріне тиісті ескертулер жасалып, әр бағыт бойынша нақты тапсыр-малар берілді.

– Тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар нақты нәтижемен көрінуі тиіс. Әрбір берілген тапсырма белгіленген мерзімде және сапалы орындалуы қажет, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

6 жаңа жұмыс орны ашылған

Аудан орталығынан шалғай орналасқан Жаңадария ауылдық округінде елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамту және инфрақұрылымды жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Қазіргі таңда ауылда 105 отбасы, 555 тұрғын тұрады. Халықтың негізгі күнкөріс кізі – егін және мал шаруашылығы. Күрші алқаптары болмаса да, ауыл тұрғындары бау-бақша өнімдерін өсіруде жыл сайын жоғары нәтижеге көл жеткізіп, еңбектің берекесін көрсетіп келеді. Биыл ауыл тұрғындарының бас-тамасымен Іңкәр каналының бойындағы 100 гектар жерге бақша дақылдары егілді. Өткен жылы Бестам, Қызылту, Егенбайдың табаны және Таңсықбайдың тақыры бағытындағы алқаптарға 200 гектарға жуық жерге қауын, қарбыз, картоп, асқабақ, қант қызылшасы мен сәбіз егілген. Жиналған өнімдер аудан және облыс орталықтарында ұйымдастырылған жәрмеңкелерде сатылымға шығарылды. Ауылдың жалпы жер қоры 11 226 гектар-ды құрайды. Оның 3 439 гектары – жайылымдық, 99 гектары – шабындық, 32 гектары – егістік жер. Кәсіпкерлік саласын-да да оң динамика байқалады. Биыл 40 кәсіпкерлік субъектісін тіркеу жоспарланса, қазіргі таңда олардың саны 46-ға жетіп, жоспар 115 пайызға орындалған. Оның ішінде 23 шаруа және фермер қожалығы, 32 жеке кәсіпкер бар. Халықты жұмыспен қамту бағытында да жоспарлы көрсеткіштер бар. «10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орны» бағдарламасы аясында 6 жаңа жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар 14 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Инфрақұрылымдық мәселелерді шешу бағытында да нақты жұмыстар атқарылууда. Өткен жылы есепті кездесуде тұрғындар ішкі көшелердің са-пасына қатысты мәселе көтерген болатын. Осы ұсыныс назарға алынып, Қ.Сәтбаев, Жаңадария, Достық және Мектеп көшелерін жөндеуге 366 млн 857 мың теңге қаржы қаралған. Оның 105 млн 380 мың теңгесі өткен жылы игерілген. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша мердігер ме-кеме ретінде «Жаңақорған Жібек жолы» ЖШС анықталған. Қазіргі уақытта Мектеп және Достық көшелеріне асфальт төсеу, жол жиектерін орнату жұмыстары толық аяқталған. Алдағы уақытта жол белгілерін орнату, жолақтарды сызу, сондай-ақ Қ.Сәтбаев және Жаңадария көшелерін жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тұрғындарға қолайлы жағдай жа-сау мақсатында Абай көшесіндегі электр бағаналарына 529 мың теңгеге түнгі жарық шамдары орнатылған. Ал ауыл мектебінде биыл жөндеу жұмыстары жүргізіліп, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жалпы құны 7,2 млн теңгеге 32 бейнебақылау камерасы қойылған. Ауылдағы қоғамдық және рухани тұрақтылық та басты назарда. Жаңадария ауылындағы мешіт 2019 жылы асар әдісімен салынған. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыс істеп тұр, ішкі және сыртқы бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Елді мекенде сайлау жұмыстары да талапқа сай ұйымдастырылған. №152 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді. Сайлау учаскесі №203 орта мек-теп ғимаратында орналасқан, комиссия құрамында 5 мүше бар. Қазіргі таңда сайлаушылар саны – 313 адам. Жал-

ТҰРҒЫНДАР ТҰРМЫСЫН ЖАҚСARTY – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



пы Жаңадария ауылдық округінде атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі өзегі – халықтың тұрмыс сапасын артты-ру, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және елді мекеннің инфрақұрылымын жақсарту. Шалғай орналасқан ауылдың өзіндік мүмкіндігін тиімді пайдаланып, еңбекке сүйенген тұрғындар елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып келеді.

Ауызсу жүйесі жаңғыртылуда

Аламесек ауылдық округінде халықтың тұрмыс сапасын арттыру, елді мекеннің инфрақұрылымын жақсарту және ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Тұрғындардың талап-тілегі ескеріліп, әлеуметтік маңызы бар бірқатар мәселе кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Бұған дейін ауыл тұрғындары елді мекен ішіндегі көшелердің сапасына қатысты мәселені жиі көтерген болатын. Осыған байланысты Т.Бисенбаев, Бөлебай би, Өмірбай шешен, Жаңажарма және Сар-ман батыр көшелері күрделі жөндеуден өтті. Жобаның жалпы құны 545,8 млн теңгені құрады. Қазіргі таңда жаңарған көшелер тұрғындардың игілігіне пайдала-нылууда. Тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында электр желілерінің құрылысы жүргізіліп, оған 357 млн теңге жұмсалды.

Ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаевтың ай-туынша аламесек тұрғындары абаттандыру жұмыстарына да белсенді атсалысуда. Биыл шаруашылықтар бірлесіп ауылдың кіреберіс бөлігін абаттандыру жұмыстарын қолға алып, ұзындығы 1,5 шақырым болатын су жолдарын қазу және тазалау жұмыстарын жүргізуде. Автожолдардың бойы тегістеліп, тазартылып, жасыл белдеу қалыптастыру жұмыстары жалғасуда. Шаруашылықтардың демеушілігімен Бөлебай би, К.Әбішев, Көкпая, Жаңажарма, Боранбай би, Сарман батыр, Т.Бисенбаев және Өмірбай шешен көшелеріне жалпы құны 9 млн теңге бо-латын 136 жарық шамы орнатылған. Ал мектеп бітіргеніне 40 жыл толған түлектер Көкпая көшесінің бойына 12 жарық шамын орнатқан. «Көктөбе» шаруа қожалығының демеушілігімен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш те бой көтерген. Бұдан бөлек елді мекендегі өрт сөндіру бекетінің ғимараты демеушілер қаражаты есебінен салынып, қажетті тех-ника және арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда ауылдағы ең маңызды жобалардың бірі – ауызсу жүйесін жаңғырту. Елді мекендегі су қоймасы 2009 жылы салынған. Уақыт өте келе ішкі желілердің тозуына байланысты тұрғындарға бірнеше жыл бойы су мұнарасы арқылы су беріліп келген. Осыған байланысты ауызсу жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстарына қаржы бөлініп, қазіргі уақытта тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жобаның құны 381 млн 231 мың 606 теңгені құрайды.

Әлеуметтік нысандардың жағдайын жақсарту да назардан тыс қалмаған. Мұнда 2023 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа дәрiгерлiк амбулатория ел игілігіне берілген. Қазіргі таңда медициналық нысан за-ма-науи талаптарға сай қызмет көрсетуде. Кәсіпкерлікті дамыту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында екі жоба ұсынылып, оның біреуі қолдау тауып, тиісті қаржысы аударылған. Ауыл шаруашылығы сала-сында да еңбек қызу. Биыл су тапшылығы сезілгеніне қарамастан, шаруашылықтар сұзы тиімді пайдаланып, егін алқаптарындағы жұмыстарды ұйымдастыруда. Қазір егінді жинауға дайындық шаралары жүргізілуде. Сонымен қатар ауылдық округте алдағы сайлауға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ауыл бойынша 892 сайлаушы тіркелген. Оның ішінде үйде дауыс беретін 15 азамат, 18 жасқа толған 15 жас сайлаушы, 153 қарт тұрғын, ерекше қажеттілігі бар 11 азамат, 41 студент және әскер қатарындағы бір азамат бар. Сайлау учаскесі дайындалып, көше бойындағы билбордтар жаңартылууда.

Аламесектегі атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы – тұрғындардың ұсынысы мен елдің талап-тілегін ескерудің нәтижесі. Әлеуметтік нысандардың жаңаруы,

жол, жарық, ауызсу және инженерлік инфрақұрылымның жақсаруы ауылдың кеше-лек дамуына берік негіз қалыптастырып отыр. Ал тұрғындардың ауызбіршілігі мен шаруашылықтардың демеушілігі елді мекенді көркейтуге бағытталған игі істер одан әрі жалғасын таба бермек.

37 адам жұмысқа орналасқан

1500-ден астам тұрғын тату-тәтті ғұмыр кешіп отырған Еңбек ауылының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін артып келеді. Ауыл тұрғындары еңбекке етене ара-ласып, мал және егін шаруашылығын дамытып, кәсіпкерлікпен айналысып, ауылдың ажарын арттыруға атсалысуда. Биыл шаруалар 1637 гектарға күріш, 535 гектарға жаңа жоңышқа егіп, 763 гектар ескі жоңышканы күтімге алған. Елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартуда жергілікті шаруашылық құрылымдарының демеушілігі айрықша. Соның бірі – «Еңбек Жер» ЖШС. Серіктестіктің қолдауымен Желтоқсан көшесінің 800 метр бөлігіне асфальт төселіп, озат сушы мен механизаторларға үш тұрғын үйдің кілті табысталған. «Еңбек Жер» ЖШС-ның ауыл экономикасына серпін беретін ірі жобаларының бірі – күріш зауытының қандырғысы. Қазіргі таңда нысанның құрылыс жұмыстары басталып, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге бағытталған өндірістің іргесі қалануда. Мұнан бөлек, елді мекеннің электр желілеріндегі трансформаторларды жаңғырту мақсатында аталған серіктестік 3 млн теңге қаржы бөліп, жоба-сметалық құжатын әзірлеген. Қазіргі таңда жоба-ны жүзеге асыруға қажетті қаржының бөлінуі күтілуде. «Өңірлерді дамыту 2025» бағдарламасы аясында Қ.Адаев, Ынтымақ және Е.Бисенбаев көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын түнгі жарықтандыру жүйелері орнатылған.

– Кәсіпкерлік саласында да оң өзгерістер бар. Жыл басынан бері ауылда 9 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер Фариза Әбдреева 3 млн теңге көлемінде несие алып, наубайхана ашып, кәсібін жүргізуде. Сонымен қатар бес ауыл тұрғыны ірі қара мал басын көбейту бағытында қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсіптерін бастаған. Жұмыспен қамту мәселесі де назардан тыс қалмаған. «10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орны» бағыты бойынша 12 жұмыс орны толық ашылған. Сонымен қатар 37 адам тұрақты жұмысқа орнала-сып, 15 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылып, ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарына қатысуда. Жастар тәжірибесі бойынша 4 адам жұмысқа қабылданған, және тағы 8 азамат ауылдық округке қарасты меке-мелер мен шаруашылық құрылымдарына тұрақты жұмысқа орналасқан. Қазіргі таңда Еңбек ауылында абаттандыру жұмыстары да жалғасып келеді. Ауыл тұрғындары мен шаруашылық құрылымдары елді мекеннің тазалығы мен көркеюіне үлес қосып, жасыл желекті көбейтуге күш салуда, – дейді ауыл әкімі Бақытберген Балханов.

Жалпы, Еңбек ауылындағы жұмыстардың негізгі бағыты – тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және елді мекеннің инфрақұрылымын жаңарту. Жергілікті тұрғындардың еңбекқорлығы мен шаруашылықтардың демеушілігіне сүйенген игі бастамалар ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп отыр.

«Ауыл аманаты»: 2 жоба қаржыландырылды

Қаракеткен ауылдық округінде 301 от-басы, 1360 тұрғын тұрады. Оның ішінде 995 адам Қаракеткен ауылында, 365 тұрғын Далдабай елді мекенінде қоныстанған. Мыңнан астам тұрғыны бар округте егін шаруашылығы кең дамымағанымен, жергілікті халық мал шаруашылығын негізгі табыс көзіне айналдырып отыр. Мал өсірумен қатар кәсіпкерлікке бет бұрған тұрғындар өз кәсібін дамыту арқылы отбасылық табысын арттыруға мүмкіндік алуда.

– Бүгінде елді мекенде 115 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 99 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп тұр. Мемлекеттік қолдаудың

арқасында ауыл тұрғындары өз кәсіптерін дамытуға мүмкіндік алып келеді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 4 жоба жүзеге асыру жоспарланса, қазіргі таңда екі жоба қаржыландырылып, оған 13 млн теңге қаражат бағытталған. Екі жоба да асыл тұқымды мал шаруашылығына арналған. Сонымен қатар төрт тұрғын мал шаруашылығы бағыты бойынша «Ұлттық жоба» аясында жалпы құны 6,3 млн теңге болатын қайтарымсыз грант иеленді, – дейді ауыл әкімі Әділ Тоқтаров.

Жұмыспен қамту бағытында да нақты көрсеткіштер бар. «10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орны» жобасы бойынша 10 жаңа жұмыс орнын ашу жоспары толық орындалған. Округтің инфрақұрылымын жақсарту бағытында да бірқатар жоба жүзеге асуда. Қаракеткен және Далдабай елді мекендеріндегі 16 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар қос елді мекендегі 8 ішкі көшеге жарықшам орнату үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, 74 млн теңгеге бюджеттік өтінім тиісті басқармаға жолданған. Мұнда ауы-зсу мәселесі де оң шешімін тапқан. Қос елді мекенді қамтитын ауылдық округ-те ауызсу жүйесі жаңартылып, қазіргі таңда тұрғындар жаңарған жүйенің игілігін көріп отыр. Әлеуметтік нысандардың материалдық базасын нығайту бағытында да жұмыстар атқарылған. 338 млн теңгеге жаңа дәрiгерлiк амбулатория салынып, пайдалануға берілген. Бұдан бөлек, 150 орындық ауылдық клуб салу үшін 639,1 млн теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру мақсатында тиісті басқармаға бюджеттік өтінім жолданған.

Алдағы сайлауға дайындық жұмыстары да белгіленген талаптарға сай жүргізілуде. Қаракеткен ауылындағы №134 сайлау учаскесі №114 орта мектеп ғимаратында орналасқан, мұнда 592 сайлаушы тіркелген. Далдабай ауылындағы №135 сайлау учаскесі №115 орта мектеп ғимаратында орналасып 200 сайлаушыны қамтиды.

Қаракеткен ауылдық округінде атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты – қос елді мекендегі тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, кәсіпкерлікті қолдау. Ауызсу жүйесінің жаңаруы, жолдардың жөндеуі, жаңа дәрiгерлiк амбулаторияның пайдалануға берілуі секілді жобалар ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне оң өзгеріс әкеліп отыр. Алдағы кезеңде жарықтандыру, ауылдық клуб құрылысы және кіреберіс жолды жарықтандыру секілді жобалардың жүзеге асуы елді мекендердің одан әрі көркеюіне мүмкіндік бермек.

Инфрақұрылым жаңартып, кәсіпке қолдау артуда

М.Шәменов елді мекенінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырылып, халық игілігіне ұсынылуда. Елді мекендегі жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясын-да Жамбыл және Б.Ердузелова көшелеріне күрделі жөндеу жүргізілді. Жалпы құны 69 млн 34 мың теңгені құраған жоба толық аяқталып, жаңарған көшелер тұрғындардың игілігіне берілді. Сонымен қатар тұрғын үй секторын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және қолданыстағы желілерді жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану бағытында да бастамалар бар. «Ауыл ама-наты» бағдарламасы бойынша үш жоба ұсынылып, оның біреуі қолдау тапқан. Қазіргі таңда жоба иесі арнайы техника сатып алуға қажетті құжаттарды рәсімдеуде.

Халықты жұмыспен қамту бағытында да нақты нәтижелер бар. «10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орны» бағдарламасы бойынша 6 адам жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ 23 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Алдағы сайлауға дайындық жұмыстары да қалыпты жүргізілуде. М.Шәменов ауылдық округі бойынша 570 сайлаушы тіркелген. Сайлау комиссиясының төрағасы бұл қызметті 10 жылдан бері атқарып келеді. Қазіргі таңда сайлау үйі дайындалып, көше бойындағы ақпараттық билбордтар жаңартылған.

М.Шәменов ауылдық округінде атқарылып жатқан жұмыстар елді мекеннің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға, кәсіпкерлікті дамытуға, халықты жұмыспен қамтуға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Алдағы кезеңде жоспарланған көрсеткіштерді толық орын-дау, жаңа кәсіпкерлік субъектілерін көбейту және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

Жиын соңында аудан әкімі кент және ауылдық округ әкімдеріне жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, инвестиция тарту, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыру және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану бағытындағы жұмыстарды күшейту тап-сырылды. Сондай-ақ белгіленген жоспар-лы көрсеткіштердің толық орындалуын қамтамасыз етіп, халықтың талап-тілегіне негізделген жұмыстардың нәтижелі болуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Сезім НҰР



ТАТАМИДЕН БАСТАЛҒАН ТАҒДЫР, ЧЕМПИОНДЫҚҚА ЖАЛҒАСҚАН ЖОЛ

«Өзім жетпеген жетістікке оқушыларымды жеткізгім келеді» дейді жас жаттықтырушы. Осы бір ауыз сөздің өзінде үлкен ұстаздық мұрат жатыр. Өйткені шәкіртінің жетістігін өзінің жеңісінен жоғары қоятын адам ғана нағыз бапкер бола алады. Жаттықтырушы үшін шәкірттің алғашқы жеңісі – жылдар бойы еңбектің өтеуі. Оның татамиде сенімді қадам басыу, жеңілгенде қайта жігерленуі, жеңіске жеткенде қарапайым қалпын сақтауы – спорттық тәрбиенің кемісі.

Әселдің ойынша, спорт – денсаулықты нығайтатын ғана емес, адамды өмірге дайындайтын тәрбие құралы. Спортпен айналысқан адам шымыр әрі белсенді болып қана қоймай, тәртіпке, шыдамдылыққа, мақсат қоя білуге үйренеді. Өйткені спортшының әрбір жетістігі өз-өзіне деген талаптан басталады.

Жас жаттықтырушы бүгінгі жастардың спортқа деген қызығушылығын да жоғары бағалайды. Қазір футбол, волейбол, бокс секілді спорт түрлеріне қызығатын жастар көп. Ең бастысы, сол қызығушылықты дұрыс бағыттап, жасөспірімдерге спортпен айналысуға қажетті жағдай жасау.

«Жастарға спортпен айналысуға жағдай жасап, қолдау көрсету керек деп ойлаймын» дейді ол. Шын мәнінде, спортқа жасалған қолдау – болашаққа жасалған үлкен қадам. Бүгін спорт залда жаттығып жүрген жасөспірім ертең ел намысын қорғайтын спортшыға айналуы мүмкін. Бір баланың бойындағы таланты дер кезінде байқап, оған дұрыс бағыт көрсету тұтас бір тағдырдың бағытын өзгертуі ықтимал.

Әселдің өмірінде отбасының да орыны ерекше. Әкесі Нұрсұлтан Қанатбаев пен анасы Ләззат Жиенбаева кәсіппен айналысып, мал шаруашылығында еңбек етеді. Екі қыз тәрбиелеген отбасы үшін балаларының таңдаған жолына қолдау көрсету – үлкен жауапкершілік.

Әселдің әкесі бүгінде Алматы қаласында неонатолог болып қызмет атқарады. Бір шаңырақтан шыққан қос қыздың бір медицина саласында еңбек етсе, екіншісі спорт саласында жас ұрпақтың болашағына жол көрсетіп жүр.

Әсел өз өмірінде әжесі Құлпаш Қанатбаеваны ерекше үлгі тұтатынын тілге тиек етті. Кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, еңбек пен іскерлікті қатар алып келе жатқан әжесінің өмір жолы – жас спортшыға үлкен өнеге. Сондықтан Әселдің алдағы арманы спортпен ғана шектелмейді. Ол болашақта спортпен қатар кәсіп ашып, кәсібін дөңгелентіп, туған ауданының дамуына өз үлесін қосуды қалайды. Бұл арман да оның бойындағы еңбекқорлық пен ізденістің тағы бір қырын танытты.

Әрине, алда Әселдің бағындырар белесі әлі көп. Алдында үлкен жарыстар күтіп тұр. Ол сол додаға тыңғылықты дайындалып, тағы да чемпиондық тұғырдан көрінуді мақсат етеді. Жеңістің дәмін сезінген спортшы үшін биікке жету – мәреге жету емес, жаңа мақсаттың басталуы. Бірақ Әсел үшін ең үлкен жеңіс өзінің чемпиондық атағын толықтыру ғана емес. Оның басты арманы – шәкірттерінің жеңісіне куә болу. Бүгінгі жас дзюдошылардың арасынан ертең Азия, әлем аренала-рында ел намысын қорғайтын чемпиондарды тәрбиелеу.

Оның өмір жолына көз салсақ, барі алты жасар қыздың дзюдо залына алғаш қадам басыуынан басталғанын көреміз. Сол кездегі кішкентай қызығушылық жылдар өте үлкен мақсатқа айналды. Ал үлкен мақсат та-банды еңбекпен орындалып, чемпиондыққа ұласты. Бүгінде сол мектептен шәкірт тәрбиелеп отыр. Кеше өзі үйренгенін бүгін өзгеге үйретуде. Бұл – спорттағы ең әдемі сабақтастық.

Татами Әсел үшін жай ғана күрес алаңы емес. Ол – балалық арманның басталған жері, мінездің шыңдалған мекені, жеңістің күесі. Оның әр бұрышында жастықтың табы, әр белдесудің өмірдің сабағы бар.

Әселдің тағылымды жолы бір шыңдықты аңғартады: адамды биікке жеткізетін – табиғи талант қана емес, күн сайынғы еңбек, қайсарлық және өз арманына деген адалдық. Ал нағыз чемпионның биіктігі өз медалінен де көрінеді. Ол – артынан ерген шәкірттерінің жеңісінен, өзі қалыптастырған ізден, кейінгі ұрпаққа берген тәлімінен танылады. Әселдің бүгінгі арманы да осы. Татамиде өзі бағындырған белесті шәкірттеріне жол ету, өзі жете алмаған биіктерге оларды жеткізу. Өйткені чемпиондықтың ең үлкен жалғасы – өзінен кейін жаңа чемпиондардың дүниеге келуі.

Татамиден басталған тағдыр осылайша чемпиондыққа ғана емес, шәкірт тәрбиесіне, елге қызмет етуге ұласуда. Ал Әселдің асқақ арманы – сол жолда әлі талай биікті бағындыру.

Иә, Әселдің тағдыр жолы – татамиден басталып, чемпиондыкпен биіктеген, ал бүгін шәкірт тәрбиесімен мән-мағынасы тереңдей түскен өнегелі жол. Бір кездегі алты жасар қыздың жүрегіне ұялаған спортқа деген сүйіспеншілігін бүгінде талай жас өреннің арманын ақиқатқа айналдырар үлкен мақсатқа ұласып отыр. Оның әрбір жеңісі артында қалған табанды еңбектің кемісі болса, әрбір шәкірті – сол еңбектің жалғасы. Татамидегі әр белдесу оған өмірдің бір сабағын үйретсе, бүгін сол сабақты шәкірттерінің жүрегіне сіңіріп келеді. Өйткені нағыз жеңіс – тұғырдың биігінде ғана емес, өзінен кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдыруда. Әселдің асқақ арманы да осы: өзі алған жеңістің шырағын өшірмей, оны шәкірттерінің қолына ұстатып, Жалағаштан жаңа чемпиондардың қанат қағуына жол ашу. Ал мұндай арманның қанаты талмайды, өйткені оның түп-тамыры еңбекке, елге деген сүйіспеншілікке және спортқа адал жүрекке байланған.

Ләззат ӘЛІМ,
басы 1-бетте



Оқырман олжасы

«САҒЫМҒА АЙНАЛҒАН АУЫЛ»: ТАРИХҚА ТОЛЫ ТУЫНДЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Ауыл – ел тарихының алтын өзегі, ал оның әрбір көшесі мен әрбір шаңырағы – тұтас бір дәуірдің үнін сақтаған шежіре. Уақыт өте ауылдың келбеті өзгеріп, кейбір қоныстардың ізі көмескіленгенімен, сол жерде ғұмыр кешкен адамдардың еңбегі мен елге сіңірген өнегесі ұмытылмауы тиіс. Өткенді хатқа түсіру – тарихты түгендеу ғана емес, ұрпақ жадын жаңғыртып, елдік сананы бекемдеу. Осындай ізгі мақсатты көздеген жазушы Серік Бертаевтың «Сағымға айналған ауыл» атты естелік кітабы Аққолқа ауылының өткені мен бүгінін сабақтастырып, бір ауылдың тағдыры арқылы тұтас бір кезеңнің келбетін танытады.

Өткенін түгендемеген елдің ертеңі көмескі. Ал ауыл тарихы – сол елдің үлкен шежіресінің бір үзгісі. Кеше ғана көз алдында тұрған, бүгінде уақыт көшінің көлеңкесінде қалған елді мекендердің тағдырын хатқа түсіру – тарихты сақтау ғана емес, ұрпақ алдындағы азаматтық парыз. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Серік Бертаевтың «Сағымға айналған ауыл» атты естелік кітабы – бір ауылдың ғана өткені емес, тұтас бір дәуірдің тынысын, ел еңесін, еңбек адамдарының тағдырын сабақтастыра баяндаған тағылымды еңбек.

Оқушылар үйінде аталған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтіп, туған өлкенің тарихын жүрекке жақын қабылдайтын зиялы қауым өкілдері ардагерлер, ақсақалдар, аудан тұрғындары мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері бас қосты. Тағылымды жиынға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев қатысып, қаламгердің еңбегіне жылы лебізін білдірді.

Кітаптың атауының өзінде терең сыр бар. «Сағымға айналған ауыл» деген тіркес оқырманды алыста қалған бір мекеннің елесімен ғана емес, уақыттың қайтып келмес көшіне ой жүгіртуге жетелейді. Сағым – алыстан қарағанда қол созым жерде тұрғандай көрінгенімен, жақындай түссенің, көзден бұл-бұл ұшатын құбылыс. Ауылдың да тағдыры сондай. Кеше ғана түтін тізу ұшып, баланың күлкисі мен малдың маншараған үні араласқан қоныс бүгінде тарихтың бір парағына айналған. Бірақ оның адамдары, еңбегі, арманы мен тағдыры ұмытылмауы тиіс.

Осыны мақсат еткен шығармада кезінде «келешегі жоқ ауылдар» санатына енгізіліп, кейін тарап кеткен Аққолқа ауылының өткені кеңінен баяндалады. Төрт бөлімнен тұратын көлемді еңбекте елді мекеннің қалыптасуы, шаруашылықтың өркендеуі, ауыл азаматтарының ел игілігі жолындағы еңбегі, қарапайым еңбек адамдарының маңдай терімен жазылған өмір жолы көркем баяндау мен тарихи деректің өзара үйлесімі арқылы жеткізілген.

Кітаптың құндылығы да осында. Автор тарихты құрғақ дерек ретінде тізбелеп шықпай, ауыл тағдырын адам тағдырымен байланыстыра суреттейді. Өйткені кез келген елді мекеннің шежіресі – оның ғимараттары мен көшелерінен емес, сол жерде ғұмыр кешкен адамдардың өмірінен тұрады.

Тұсаукесер рәсімінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов кітаптың тарихи және тәрбиелік маңызына тоқталды.

– Туған жердің тарихын жазу – өткенге құрмет көрсетудің ең биік үлгісі. Ауылдың аты қартадан өшуі мүмкін, оның көшесі мен қонысы өзгеруі мүмкін. Бірақ сол жерде өмір сүрген адамдардың еңбегі, елге жасаған жақсылығы, ұрпаққа қалдырған өнегесі жоғалмауы керек. Серік Бертаевтың бұл еңбегінің басты ерекшелігі де осындай құндылықтарды кейінгі буынның жадында жаңғыртуында. «Сағымға айналған ауыл» – бір ғана Аққолқаның шежіресі емес, ауыл өмірінің тұтас бір кезеңін көз алдымызға әкелетін еңбек. Мұндай кітаптар туған жерге деген сүйіспеншілікті күшейтіп, жастардың тарихи санасын қалыптастыруға қызмет етеді, – деді Ғани Сүлейменов.

Оның айтуынша, бүгінгі ұрпақ үшін үйренішті болып көрінетін көптеген игіліктің артында кешегі аға буынның өлшеусіз еңбегі жатыр.

– Біз кейде тарихты үлкен оқиғалардан ғана іздейміз. Ал шын мәнінде, тарих күн сайынғы маңдай терден, ел үшін атқарылған қарапайым еңбектен құралады. Мал соңында жүрген шопанның, жер төсін емген диканның, ауыл шаруашылығын ұйымдастырған маманның, елдің әлеуметтік өміріне араласқан азаматтың әрбір еңбегі – ел тарихының бір бөлшегі. Сондықтан осы кітапта есімі аталған азаматтардың өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін өнеге мектебі, – деген ойын жеткізді аудан әкімінің орынбасары.

Жиында аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев та ауыл тарихын сақтау мен ұрпақ жадында жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды.

– Ауыл деген жай ғана қоныс емес. Ауыл – адамның балалық шағы, ата-ананың маңдай тері, үлкендердің ақ батасы, ананың әлді, ағайынның аралас-құраластығы. Бір ауылдың тарихын оқығанда, біз сол ауылда өмір сүрген тұтас бір буынның ғұмырын оқимыз. «Сағымға айналған ауыл» кітабын оқыған адам Аққолқаның кешегісін ғана емес, өз ауылының, өз балалық шағының, өз өткенінің белгісін іздейді. Сондықтан бұл еңбектің тәрбиелік салмағы да, тарихи маңызы да зор, – деді Асылбек Тәуіпбаев.

Ақсақалдың сөзінде уақыт пен ұрпақ арасындағы сабақтастық айқын сезілді.

– Бүгін біз кітаптың тұсауын кесіп отырмыз. Бірақ шын мәнінде, тұсауы кесіліп отырғаны – кітап емес, тарихтың жана буынға қарай басталған тағы бір жолы. Өткенді білмеген ұрпақтың тамыры әлсірейді. Ал тамыры мықты ел ғана болашағына нық қадам басады. Сондықтан осындай еңбектерді қадірлеуіміз керек. Автордың ел ішінен дерек жинап, көнеқоз қариялардың әңгімесін тыңдап, ауылдың өткені мен бүгінін саралап, оны қағазға түсіруі – үлкен еңбек. Мұндай істің артында ізденіс те, төзім де, туған жерге деген перзенттік махаббат та бар, – деді ол.

Шығармада ауылдың қалыптасу кезеңінен бастап, оның шаруашылық тұрғыдан дамуына дейінгі аралық қамтылған. Бір

қарағанда қарапайым көрінетін ауыл тіршілігінің ар жағынан үлкен қоғамдық өзгерістердің сарыны байқалады. Елдің тұрмысы, шаруашылықтың жай-күйі, еңбек адамдарының тынысы, ауыл азаматтарының өзара қарым-қатынасы, барлығы бір-бірімен сабақтасып, сол дәуірдің өзіндік бейнесін қалыптастырады.

Кітаптағы кейіпкерлердің басым бөлігі – елге қызмет етуді өмірлік ұстанымына айналдырған қарапайым жандар. Олардың арасында мал шаруашылығын дамытуға күш салған мамандар да, күн-түн демей еңбек еткен жұмысшылар да, ауылдың әлеуметтік өміріне белсене араласқан азаматтар да бар. Әрқайсысының тағдыры – өзінше бір хикая. Бірақ сол хикаялардың барлығын біріктіретін ортақ өзек – туған жерге деген адалдық.

Кітапты парактай отырып, өткен уақыттың тынысын сезінгендей боласыз. Кеше ғана болған оқиға секілді көрінетін сәттердің арасы жылдармен өлшенетінін аңғарасыз. Уақыт адамның жүзін өзгертпеді, ауылдың келбетін өзгертпеді, тіпті тұтас елді мекенді тарих қойнауына енгізуі мүмкін. Бірақ адам еңбегінің ізі жоғалмайды. «Сағымға айналған ауыл» атауы да осындай философиялық ойға жетелейді.

Ауылдың өзі сағымға айналғанымен, оның рухы сағым емес. Оның адамдары да сағым емес. Олар өмір сүрді, еңбек етті, ұрпақ өсірді, елге қызмет етті. Сол себепті олардың есімі мен еңбегін кейінгі буынға жеткізу – бүгінгі ұрпақтың міндеті.

«Адал адам» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған шараның негізгі мәні де осы оймен астасты. Адалдық дегеніміз тек біреуге зиян келтірмеу немесе заңды бұзбау ғана емес. Адалдық – өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқару, туған жерге пайданды тигізу, еңбегіңмен елдің алғысына бөлену. Осы тұрғыдан келгенде, кітапта баяндалған еңбек адамдарының өмір жолы – «Адал адам» ұғымының нақты көрінісі.

Олар атақ үшін емес, елдің қажеті үшін еңбек етті. Өз міндетін күнделікті тіршіліктің табиғи бөлігі деп білді. Бірі малдың соңында жүріп шаруашылықты өркендетсе, енді бірі ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалысты. Бірі жас ұрпаққа білім мен тәрбие берсе, енді бірі елдің бірлігін бекемдеуге үлес қосты. Осындай тағдырлар тоғысқан жерде ауылдың шынайы тарихы қалыптасады.

Тың туындының тұсаукесер рәсінде сөз алған азаматтар кітаптың тек деректік сипатына емес, оның адамдық болмысқа әсер ететін тағылымына да ерекше мән берді. Ауылдың өткені туралы айтылған әрбір естелік жиынға қатысушыларды ойға жетелеп, көпшіліктің көкейінде көмескілене бастаған кезеңдерді қайта жаңғыртты.

Ардагерлер мен ақсақалдар да өз естеліктерімен бөлісіп, ауылдың тыныс-тіршілігі, ел ішінде беделге ие болған азаматтар, еңбек жылдары, ағайын арасындағы татулық туралы әңгімелерін ортаға салды. Бір сөзбен айтқанда, кітап тұсаукесері ресми шара шеңберінен асып, өткенді еске алған, елдік әңгіменің өрісін кеңейткен рухани жүзесуге ұласты.

Жазушы Серік Бертаевтың еңбегінен тағы бір ерекшелігі, уақыт өте келе ұмытылып бара жатқан деректерді қайта жинақтап, оларды бір арнаға түсіруінде. Өйткені ауыл тарихының ең үлкен қатері – ұмытылу. Көнеқоз қариялар дүниеден өткен сайын олардың көкейіндегі талай дерек те бірге кетеді. Ал қағазға түскен тарих ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани аманатқа айналады. Бұл ретте кітап авторының еңбегін туған жердің тарихи жадын жаңғыртуға қосылған маңызды үлес деуге болады.

«Еңбек жолы – елге қызмет жолы» деген қағида кітаптың өн бойынан анық байқалады. Шығармадағы азаматтардың өмірі бүгінгі ұрпаққа бір ақиқатты ұқтырады: елге қызмет ету міндетті түрде үлкен қызмет атқарудан басталмайды. Кейде өз ісінді адал атқарудың өзі – елге жасалған үлкен еңбек.

Ауылдың төрт түлігін көбейткен шаруа да, егіс даласында маңдай терін төккен еңбек адамы да, ауыл баласының болашағына алаңдаған ұстаз да, елдің тұрмысын түзеуге күш салған маман да, барлығы қоғамның дамуына өз үлесін қосты. Бүгінгі бейбіт өмір мен қалыптасқан тіршіліктің ар жағында осындай көзге көрінбейтін, бірақ салмағы ауыр еңбек жатыр.

Кітаптың тұсаукесер рәсінде осы ой бірнеше мәрте айтылып, аға буынның өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету қажеттігі ерекше атап өтілді.

Уақыт алға жылжиды. Бір буынның орнын екінші буын басады. Кеше ғана ел ішінде жүрген адамдардың есімі біртіндеп сирей бастайды. Бірақ олардың өмірі қағазға түсіп, кітапқа айналса, ұрпақ санасында қайта жаңғырады. Сондықтан «Сағымға айналған ауыл» өткеннің мұңын ғана айтатын шығарма емес. Ол – уақыттың қадірін ұқтартатын, еңбек адамын бағалауға үндейтін, туған жердің тарихына жауапкершілікпен қарауға шақыратын еңбек.

Тағылымды шараның соңында кітаптың жарық көруіне қаржылай қолдау көрсетіп, демеушілік танытқан бірқатар азаматқа аудан әкімінің алғыс хаты табысталды. Бұл – ел тарихын түгендеуге үлес қосқан азаматтарға көрсетілген құрметтің белгісі. Өйткені кітап шығару – бір адамның ғана еңбегі емес. Оның артында автордың ізденісімен бірге елдің қолдауы, азаматтардың жанашиырлығы, туған жерге деген ортақ жауапкершілік тұрады.

Бүгінде Аққолқа ауылының орнында бұрынғыдай қайнаған тіршілік болмауы мүмкін. Бірақ оның тарихы бар. Сол тарихта ауылда өмір сүрген қаншама адамның тағдыры, маңдай тері, қуанышы мен арманы жатыр. Ал Серік Бертаевтың «Сағымға айналған ауылы» сол үнісіз қалған тарихқа тіл бітіріп, уақыттың ар жағындағы адамдарды бүгінгі ұрпақпен қайта қауыштырғандай.

Ауыл сағымға айналуы мүмкін. Бірақ ел жадындағы тарих сағымға айналмауы керек. Өйткені тарих – өткен күннің көлеңкесі емес, бүгінгі сананың тамыры. Тамырына құрметпен қараған ұрпақ қана болашағын баянды ете алады.

Сондықтан «Сағымға айналған ауыл» кітабының тұсаукесері бір шығарманың жарыққа шығуына арналған мәдени шара ғана емес, туған жерді танудың, ел тарихын қастерлеудің, еңбек адамын бағалаудың және ұрпақтар сабақтастығын жалғаудың мәні терең рухани басқосуы болды.

Ләззат ӘЛІМ



Сақтансан, сақтайды!

БАЛАБАҚШАДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – кез келген балабақша үшін ең маңызды міндеттің бірі. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, оның алдын алу және төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету тәртібін білу ерекше маңызға ие.

Балабақша ғимараттарында өрттің шығуына жол бермеу үшін электр желілері мен электр жабдықтарының жарамдылығы тұрақты бақылауда болуы қажет. Электр сымдарының зақымдануы, қосқыштардың ақауы дер кезінде анықталып, пайдалануға жарамсыз құрылғылар қолданыстан шығарылуы тиіс. Сондай-ақ жылыту құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау маңызды.

Өрт сөндіргіштер, өрт дабылы және хабарлау жүйелері әрдайым жарамды әрі пайдалануға дайын күйде болуы керек. Шығу есіктері адамдардың ғимараттан келергісіз шығуына мүмкіндік беретіндей жағдайда болуы қажет.

Балабақша қызметкерлері өрт қауіпсіздігі талаптарын жақсы білуімен қатар, төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмін меңгеруі тиіс. Мекемеде қызметкерлердің балаларды қауіпсіз жерге жедел шығару тәртібі, эвакуациялау бағыты және жауапты тұлғалар алдын ала белгіленгені жөн. Өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығуларын тұрақты өткізу де төтенше жағдай кезінде аبدырап қалмай, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Балаларға да өрт қауіпсіздігі ережелерін жас ерекшеліктеріне қарай түсіндіріп отыру да маңызды. Оларға сіріңке, оттық және басқа да өрт қауіпін тудыратын заттармен ойнауға болмайтыны, электр құралдарына рұқсатсыз жақындамау керектігі қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізілуі қажет.

Өрт белгілері, түтін немесе күйік иісі байқалған жағдайда уақыт жоғалтпай, дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлау

қажет. Одан кейін балаларды қауіпсіз жерге эвакуациялау ұйымдастырылып, олардың бар-жоғы тексерілуі тиіс. Өртті өз бетінше сөндіруге әрекет жасап, балалардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруге болмайды.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – тек жауапты қызметкерлердің емес, балабақшадағы барлық азаматтың ортақ міндеті. Қарапайым сақтық шараларын күнделікті орындау арқылы төтенше жағдайдың алдын алуға және ең бастысы, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға болады.

Балалардың қауіпсіздігі – баршамызға ортақ жауапкершілік. Өрттің алдын алу басты міндет екенін естен шығармаған жөн.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Хабарландыру!

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2026 жылы 31 тамызда сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй «Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде :

1. Серіктестіктің 2026 жылға бюджеті мен штат кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 5 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды. Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Бағдарлама игілігі

СПОРТ КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ



Ауданда жас спортшылардың дене дайындығын жетілдіріп, спорттық қабілетін шыңдауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубы – өскелең ұрпақты спортқа баулып, олардың шеберлігін арттыруға үлес қосып келе жатқан маңызды мекемелердің бірі. Аталған спорт кешені өткен жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ел игілігіне пайдалануға беріліп, бүгінде жас спортшылардың тұрақты түрде жаттығуына мүмкіндік жасап отыр.

Мекеме басшысы Өмірбек Көлменовтың айтуынша, қазіргі таңда мұнда 20 қызметкер еңбек етеді. Оның ішінде 7 жаттықтырушы жас спортшылармен тұрақты жұмыс жүргізіп, жастардың спорттық қабілетін шыңдауға күш салуда. Спорт кешенінде футбол, гандбол, волейбол, баскетбол, қазақ күресі және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт үйірмелері бар. Үйірмелерге 9-16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қабылданады. Бүгінде спорттың әр түріне қызығушылық танытқан 198 жас спортшы үйірмелерге тұрақты түрде қатысып, бос уақытын тиімді өткізіп жүр.

Мәселен, жасөспірімдер арасында кеңінен танымал футбол үйірмесі бүгінде 48 спортшы қатысады. Жас футболшылардың жаттығуына Айбек Жетпісбаев пен Абылайхан Ердібекұлы жетекшілік етеді. Жаттықтырушылар балалардың доп тебу техникасын жетілдірумен қатар, алаңда жылдам қимылдауына және командалық ойын тәртібін сақтауға ерекше мән береді. Әр жаттығу жас футболшылардың тәжірибесін арттырып, спорттық шеберлігін шыңдай түседі.

Ал волейбол үйірмесінде 36 жас спортшы жаттығады. Оларға II санатты жаттықтырушы Ақмаржан Әбушахман жетекшілік етеді. Жаттығу барысында спортшылар допты қабылдау, беру, шабуылдау және қорғаныс әдістерін меңгеріп, ойын тактикасын жетілдіреді. Волейболда бір ойыншының шеберлігімен қатар, команданың ауызбіршілігі маңызды.

Сондықтан жаттықтырушы жас спортшылардың бір-біріне қолдау көрсетуіне, жауапкершілікпен ойнауына және ортақ мақсатқа жұмыла білуіне баса назар аударады. Бұл үйірме балалардың денесін шынықтырып қана қоймай, достық қарым-қатынасын нығайтып, ұйымшыл болуына ықпал етеді.

Мұнан бөлек, баскетбол үйірмесіне қатысатын 36 жас спортшы да өз шеберлігін тұрақты түрде шыңдап келеді. Үйірме жаттықтырушысы II санатты маман Алтыншаш Әбжаппарова жас баскетболшыларға спорттың қыр-сырын үйретіп, орқайсысының қабілетіне қарай жұмыс жүргізеді. Жаттығу кезінде спортшылар допты алып жүру, себетке доп лақтыру секілді негізгі тәсілдерді меңгеріп, жылдамдық пен дәлдікті қатар дамытуға машықтанады. Баскетбол балаларды ширақтыққа, зейінділікке және табандылыққа тәрбиелейді. Спорт кешеніндегі маңызды үйірмелердің бірі – қазақ күресі.

Ұлттық спорттың бұл түріне 42 жас спортшы қатысып, оның қыр-сырын меңгеруде. Үйірмеге қазақ күресі мен дзюдодан спорт шебері Әділбек Берікұлы жетекшілік етеді. Білікті бапкер жас балуандардың спорттық шеберлігін шыңдап, жарыстарға жан-жақты дайындап келеді. Әділбек Берікұлының өзі де талай биікті бағындырған. Жақында ғана Кенес Одағының батыры Әлия Молдағұлованы еске алуға арналған дзюдодан ересектер арасындағы «ALIYA OPEN» республикалық турнирінде 66 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарын айқын басымдықпен

жеңіп, I орын иеленді. Сондай-ақ Түркістан облысында өткен VIII Халық ойындары аясындағы ересектер арасындағы қазақ күресінен 66 келі салмақта Қызылорда облысының құрама сапында белдесіп, қарсылас шақ келтірмеді. Жауырыны жерге тимеген балуан аталған жарыста Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындап, өзінің кәсіби деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бүгінде ол жинаған тәжірибесін жас спортшыларға үйретіп, олардың биік белестерді бағындыруына жол ашып келеді. Ұлттық спортпен айналысқан жасөспірім бойына батылдық, сабырлық пен намыс секілді қасиеттерді сіңіреді. Осы арқылы қазақ күресі жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейтін маңызды мектепке айналып отыр.

Сондай-ақ спорт кешенінде гандбол үйірмесі де жұмыс істейді. Қазіргі таңда аталған үйірмеде 36 спортшы тұрақты түрде жаттығады. Жас спортшылардың дайындығына спорт шебері Әсел Бісембай жетекшілік етеді. Білікті жаттықтырушының өзі де спортқа толайым табыстарға қол жеткізген. Атап айтқанда, ол Түркістан қаласында қазақ күресінен ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасының кубогі бәсекесінде +77 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдеге ие болған. Жаттықтырушы Әселдің айтуынша бұл үйірмеде жас спортшылар қолдың күшін, қимыл үйлесімділігін, жылдамдық пен дәлдікті дамытады. Гандбол ойыны балаларды шапшаң әрекет етуге, алаңдағы жағдайды тез бағалауға және командаластарымен өзара түсіністікпен жұмыс істеуге үйретеді. Жаттығулар барысында жас спортшылар допты алып жүру, қақпаға бағыттап лақтыру және қорғаныс тәсілдерін меңгереді. Спорттың бұл түрі олардың дене дайындығын арттырып қана қоймай, тактикалық ойлау қабілетін де жетілдіреді.

– Мұнда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да барлық мүмкіндік қарастырылған. Яғни спорт кешенінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спортпен тұрақты шұғылдануына да жағдай жасалған. Мұндағы басты мақсат – әр адамның дене шынықтырумен айналысуына мүмкіндік беріп, белсенді өмір салтын қалыптастыруға қолдау көрсету. Бұл бағыттағы үйірмеге жаттықтырушы Нариман Батишев жетекшілік етеді. Қазіргі таңда мұнда 20 спортшы тұрақты түрде жаттығады.

Жуырда мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында өткен облыстық спартакиадада аудан спортшылары жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, қол күресінен 60 келіден жоғары салмақ дәрежесінде көру қабілеті төмен спортшылар арасында өткен бәсекеді Дәулет Төлегенов I орын иеленді. Ал тірек-қимыл аппараты бұзылған спортшылар арасындағы жарыста Орынбек Шаймағанбетов жеңімпаз атанды. Нәтижесінде аудан құрамасы жалпыкомандалық есепте жүлделі III орынға ие болды, – дейді балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубының басшысы Өмірбек Көлменов.

Жалпы спорт кешеніндегі әр үйірменің өзіне тән ерекшелігі бар. Бір баланы жылдамдықпен шынықтырып баулыса, енді бірі естілік пен дәлдікке, командалық ойынға немесе ұлттық рухқа тәрбиелейді. Ең бастысы мұнда балалардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылып, олардың спортқа деген қызығушылығы артып келеді. Басты мақсат – бұқаралық спортты дамыту ғана емес, спортқа беімі бар балаларды анықтап, олардың үлкен додаларда аудан намысын абыроймен қорғауына қол ашу. Жас спортшылардың бүгінгі талпынысы ертеңгі үлкен жетістіктердің бастауы болары сөзсіз. Сондықтанда аталған спорт клубының жас спортшыларға берері мол.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Нәтиже

ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ МОЛ

Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортқа деген қызығушылығын арттыру маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт үйірмелерінің берері мол. Соның бірі – жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етіп отырған №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіндегі ауыр атлетика үйірмесі.

Жаттықтырушы Әскербек Тұржанов – ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының спорт шебері. Ол Қызылорда қаласындағы Жалантөс Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде білім алған. Спорттағы тәжірибесін кейінгі буынға үйретіп, ізбасар тәрбиелеуді мақсат еткен ол 2015 жылы аудан орталығындағы №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне жұмысқа орналасып, мұнда алғаш рет ауыр атлетика үйірмесін ашты. Содан бері тұрақты жұмыс істеп келе жатқан үйірменің бүгінде жетістігі аз емес.

– Үйірмеге жастарды тарту мақсатында білім ошақтарын аралап, оқушыларға ауыр атлетиканың қыр-сырын түсіндіріп, спорттың адам денсаулығына пайдаланатын үнемі жүреміз. Дегенмен кейде ата-аналар тарапынан «ауыр атлетика қиын, баланың бөліне салмақ түседі» деген пікірлерді естіп қаламыз. Негізінде жаттығу дұрыс ұйымдастырылып, спортшының жас ерекшелігі мен дене дайындығы ескерілсе, ауыр атлетикамен қауіпсіз түрде айналысуға болады. Ең бастысы – жаттығу барысында жаттықтырушының нұсқауын қатаң сақтап, жаттығуларды талапқа сай орындау. Қазіргі таңда үйірмеге балаларды 10 жасдан бастап қабылдаймыз. Үйірме ашылғалы бері бұл залдан 5 спорт шебері, 50-ге жуық спорт шеберіне үміткер спортшымыз түлеп ұшты. Шәкірттеріміз Қазақстан, Азия және Әлем чемпионаттарында жүлделі орындар иеленіп келеді. Қазіргі таңда мұнда 4 топ бар. Оның екеуі – алғашқы даярлық тобы. Яғни мұнда 10-12 жас аралығында 14 спортшы жаттығады. Сонымен қатар екі спорттық сауықтыру тобы жұмыс жасайды. Бұл топтар да 16 жасқа дейінгі 18 спортшы бар. Жалпы 40-қа жуық оқушы апта бойы залда үзіліссіз жаттығады. Бүгінде олардың қатарында 2 спорт шебері, 10 спорт шеберіне үміткер бар, – дейді жаттықтырушы.

Әскербек Дәуренбекұлының айтуынша үйірме шәкірттерінің арасында айтарлықтай жетістікке жеткен спортшылар бар. Солардың бірі – Әлі Медетбаев. Ол ауыр атлетикадан спорт шебері, Қазақстанның 7 дүркін чемпионы, сондай-ақ 11 дүркін күміс жүлде иегері. Жас спортшы ауыр атлетикадан ел біріншіліктерінде топ жарып, жоғары нәтижелерімен танылып келеді. Ол жақында ғана Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан ересектер арасында өткен Қазақстан чемпионатында жүлделі III орын иеленген. Жаттығушының айтуынша Әлі бұл сайыста жүлдеге көтеруде 121 келілік зілтемірді, ал серпе көтеруде 156 келіні бағындырған. Осылайша жалағаштық жас атлет ел чемпионатының қола жүлдесін қанжығасына байлаған. Мұнан бөлек, жуырда



Түркістан қаласында ауыр атлетикадан юниор ұлдар мен юниор қыздар арасында Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионаты өткен. Дүбірлі долада бақ сынаған Әлі жоғары нәтиже көрсетіп, екі алтын, бір қола медаль жеңіп алған. Атап айтқанда жүлде көтеруде 114 келіні бағындырып III орын иеленсе, серпе көтеруде 160 келі көтеріп, I орынға тұрақтаған. Осылайша қос сайыс қорытындысымен 274 келі зілтемірді енесірген ол Қазақстан чемпионы атанған.

– Бала күнімен ауыр атлетика спортына ерекше қызығтым. Әр жаттығу адамнан үлкен күшпен қатар, төзімділік пен тәртіпті талап етеді. Жаттығу барысында өзіңді жеңуге, алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жетуге үйренесің. Спорттағы әрбір жеңісімің артында тынымсыз еңбек пен жаттықтырушымен Әскербек Дәуренбекұлының ақылы мен қолдауы тұр. Ол бізге тек спорттың қыр-сырын үйретіп қана қоймай, жауапкершілікке, тәртіпке және жеңіске ұмтылуға баулиды. Бүгінде ел чемпионаттарында жеңіс тұғырынан көрініп, үлкен жетістіктерге жетіп жүрмін. Алдағы мақсатым бұдан да жоғары нәтижелер көрсетіп, халықаралық жарыстарда топ жарып, көк туымызды биікке көтеру, – дейді жас спортшы Әлі Жандосұлы.

Үйірмеге қатысатын ең жас спортшының бірі – Жанарыс Сейілбекұлы. Ол бүгінде Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 6-шы сыныбын тәмамдаған. Жанарыс ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында ел чемпионатының жүлдегері атанып қана қоймай, биыл Қазақстан чемпионы деген жоғары атақты иеленген. Нақтырақ айтсақ, 2012 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионатында 37 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған ол қарсыластарынан басым түсіп, чемпион атанған. Жарыста жас спортшы жүлде көтеруде 42 келі, серпе көтеруде 57 келі зілтемірді бағындырып, жоғары нәтиже көрсеткен.

Сондай-ақ Ұлытау облысының Сәтбаев қаласында ауыр атлетикадан 2008-2011 және 2012 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өткен. Байрақты бәсекеді аталған үйірменің 4 спортшысы жеңіс тұғырынан көрінген. Яғни жалағаштық жас атлеттер Жанарыс Дәуренбек, Абылай Асылбекұлы, Олжас Асылбекұлы қоржынға 3 алтын, ал Ерасыл Болат I қола медаль салған. Бұдан бөлек, аталған долада 8 спортшы Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер атағын иеленген.

Жалпы тізе берсек аталған үйірменің жеткен жетістігі жетерлік. Бұл жеңістер жас спортшылардың еңбекқорлығы мен жаттықтырушының жүйелі еңбегінің нәтижесі екені даусыз. Үйірмеде тәрбиеленіп жатқан өрендердің алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратындарына сенімдіміз мол. Жас зілтеміршілердің жеңісі – Жалағаш спорттың мерейін үстем етіп, кейінгі буынға үлкен серпің берері сөзсіз. Жалпы ауыр атлетика спортшыдан үлкен еңбек пен табандылықты талап етеді. Мұнда жаттықтырушының жетекшілігімен спортшылар жаттығу тәртібін сақтап, әр баланың мүмкіндігі мен жас ерекшелігі ескеріліп, жаттығу жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіледі. Бұл – спортпен енді айналыса бастаған балалардың қауіпсіздігі мен дұрыс дамуы үшін аса маңызды. Ауданда осындай спорттық үйірмелердің тұрақты жұмыс істеуі – жастар үшін үлкен мүмкіндік. Спортпен шұғылданған бала уақытын тиімді өткізіп, денсаулығын нығайтып қана қоймай, алдына нақты мақсат қоя біледі. Бүгін ауыр атлетика үйірмесінің тынымсыз танысып жүріп, жаттығу залындағы жас спортшылардың тығыздығы дайындығын көрген біз олардың арасынан ертең ел намысын қорғайтын чемпиондар шығуы әбден мүмкін деген ой түйдік.

Сезім НҰР

ЖАБЫҚ БАССЕЙНДЕГІ ЖАРЫС

Салауатты қоғам – заң мен тәртіпті, адалдық пен әділдікті ту еткен қоғам. Спорт адамды шынықтырып қана қоймай, тәртіпке, төзімділікке, табандылыққа және әділ бәсекеге тәрбиелейді. Осы құндылықтарды өзара сабақтастыра отырып, аудандық Б.Құлтеменов атындағы жабық бассейнде «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Біз сыйбайлас жемқорлыққа қарсымыз» ұранымен еркін жүзуден жарыс өтті. Тағылымды мол спорттық долада әр буын өкілі бас қосып, салауатты өмір салтын насихаттап, адал бәсекенің мәнін көрсетті.



Адам денсаулығы мен қоғамның саулығы – бір-бірімен сабақтас ұғым. Дені сау ұрпақ – елдің ертеңіне сеніммен қарайтын, жауапкершілікті сезінетін, өз таңдауына адал азамат. Ал адалдық пен заңға құрмет – берік мемлекеттің басты тұғыры. Осы қос құндылықты қатар дәріптеу мақсатында 14 тамыз күні аудандық Б. Құлтеменов атындағы жабық бассейнде «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Біз сыйбайлас жемқорлыққа қарсымыз» ұранымен еркін жүзуден жарыс ұйымдастырылды.

Спорт – тек денені шынықтыратын құрал емес, ол адам бойына тәртіп, төзім, табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыратын өмір мектебі. Ал жарыс – сол қасиеттердің сыналар сөті. Судағы әрбір жүзу қимылынан қатысушылардың ширақтылығы мен жігері, жеңіске деген ұмтылысы аңғарылды. Мұнда басты мақсат тек мәреге бірінші жету емес, әділ бәсекенің мәнін сезіну, өз мүмкіндігін сынау және өзгеге құрметпен қарай білудің үлгісін көрсету болды.

Жүзу – адам денсаулығына пайдасы мол спорт түрлерінің бірі. Ол денедеті көптеген бұлушықатты қатар қимылдап, ағзаны шынықтыруға, тыныс алу жүйесін жетілдіруге, қимыл-қозғалысты үйлестіруге мүмкіндік береді. Судағы жаттығу адамның төзімділігін арттырып қана қоймай, сергектік пен жақсы көңіл күй сыйлайды. Сондықтан осындай спорттық шараларды аудан көлемінде тұрақты түрде ұйымдастырып, тұрғындардың спортпен жүйелі айналысуына жағдай жасау – дені сау қоғам қалыптастырудың маңызды қадамдарының бірі.

Әсіресе жасөспірімдерді жүзу спортына ерте жастан беімдеудің мәні зор. Бала бойына спортқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру – оның денсаулығына жасалған инвестиция ғана емес, бос уақытын тиімді өткізуіне, тәртіпке үйренуіне, өзіне деген сенімін арттыруына жол ашады. Жүзуді меңгерген бала судағы қауіпсіздік ережелерін де жақсы түсініп, төтенше жағдайда өзін қорғауға қажетті дағды қалыптастырады. Сондықтан бассейндердегі үйірмелер мен жарыстардың санын арттырып, жас буынды спортпен осы түріне кеңінен тарту – уақыт талабы.

Жарысқа ересектер мен ардагерлер, сондай-ақ аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар қатысып, өзара бақ сынады. Өртүрлі буын өкілдерінің бір алаңда бас қосуының өзі – спорттың қоғамды жақындастыратын ерекше күш екенін аңғартты. Жүзу жолағында әр қатысушы өз жеңісін бағындыруға талпынып, төзімділік пен қайсарлықтың үлгісін танытты.

Сыйбайлас жемқорлықпен күрес – тек заң талаптарын орындаумен шектелмейтін, әр азаматтың ішкі ұстанымынан басталатын маңызды міндет. Адалдықты насихаттау үшін ең алдымен жас ұрпақтың санасына әділдік ұғымын сіңіру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, спорттық шараның тәрбиелік мәні де айрықша. Себебі спорттағы жеңіс те, өмірдегі жетістік те маңдай термен, табандылықпен және адал еңбектің арқасында келетінін көрсетеді.

Жарыс қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен спортшылар анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер медалдар және мадақтамалармен марапатталды. Жүлделі орындарға ие болғандар қатарында Есімбетов Жарықпап – I орын, Бектібаев Рай – II орын, Оңдасын Қаныш – I орын, Базарбай Мейірхан – II орын, Аққұм ауылының тұрғыны Жүсіпбеков Бауыржан – III орын және Хамзаев Ерлан – III орын иеленді.

Әрбір жеңістің артында дайындық, жігер және өзіне деген сенім бар. Ал спорттағы әділ бәсеке адамды тек физикалық тұрғыдан шыңдап қоймай, рухани тұрғыдан да тәрбиелейді. Жарыс барысында қатысушылар өзара қолдау білдіріп, бір-біріне жігер беріп, спорттық мәдениеттің биік үлгісін көрсетті.

Осындай тағылымды жарыстардың жиі ұйымдастырылуы тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын күнделікті дағдыға айналдыруға ықпал етеді. Әсіресе әр жастағы азаматтарды бір ортаға тоғыстыратын спорттық додалар қоғамдық байланысты нығайтып, кейінгі буынға үлгі боларлық өнегелі орта қалыптастырады. Бүгінгі жарыста үлкендер мен жастарға үлгі боларлық азаматтардың қатар жүзуі – спорттың жасқа қарамай, адамды ортақ мақсатқа жұмылдыратын күш екенін тағы бір аңғартты.

«Заң және тәртіп» қағидаты – қоғамдағы тұрақтылық пен өзара сенімнің негізі. Заңды құрметтеу, әділдікті сақтау, адал еңбек ету – ел болашағына бейжай қарамайтын әр азаматтың ортақ міндеті. Ал мұндай ұстанымдарды күнделікті өмір салтына айналдыру үшін қоғамдық іс-шаралардың тәрбиелік бағытын қушейтеуі маңызды зор.

Бассейнде өткен бұл дола – жеңімпаздарды анықтаған спорттық сайыс қана емес, көпшілікке ой салған тағылымды шара болды. Өйткені таза судағы әрбір серпіліс тазалықтың, ал әділ жарыстағы әрбір қадам адалдықтың символындай әсер қалдырды.

Спортқа қадам басқан адам – тәртіпке жақындайды. Тәртіп бар жерде жауапкершілік орнығады. Жауапкершілік қалыптасқан ортада заңға құрмет бекиді. Ал заң үстемдік құрған қоғамда адалдықтың ақ туы биіктей түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, аудан көлемінде ұйымдастырылған мұндай бастамалар бұқаралық спортты дамытуға ғана емес, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын орнықтыруға, қоғам мүшелерінің белсенділігін арттыруға және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға елеулі үлес қосары сөзсіз. Өйткені әділетті қоғам құру – бір күннің немесе бір шараның міндеті емес, ол әр азаматтың жүрегінен басталып, ортақ әрекет арқылы жүзеге асатын үлкен құндылық.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> <i>Қолжазбалар өңделеді және егер кеті қайтарылмайды.</i> <i>Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.</i> <i>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</i>	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2871 Тапсырыс №1408
Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru			Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ	